

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и науки
Республики Казахстан**



Нұр-Сұлтан қаласы

**2021 жылғы 28 наурыз -
4 сәуір**

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауын қашықтық форматында өткізеді.

Фестиваль-байқауға қатысу – еліміздің жас музыканттары үшін ерекше оқиға.

Алғаш рет 1967 жылы бұл байқауға 25 жас музыкант қатысқан. Бірақ жас музыканттарға қуаныш сыйлайтын, аспапта ойнау мен шығармашылыққа ынталандыратын музыка мерекесіне қатысуға деген қызығушылық жыл сайын артып келеді.

Бүгінде республиканың балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде 80 мыңнан астам оқушы музыкалық шығармашылықпен айналысады.

Фестиваль-байқауға облыстардан, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларынан жергілікті іріктеу байқауынан өткен 400 жеңімпаз: қазақ және орыс халық аспаптары (*домбыра, қобыз, қыл қобыз, шертер, баян, аккордеон, домра, балалайка, гитара*) бөлімшелерінің білім алушылары – солистер, қазақ және орыс халық аспаптарының музыкалық ұжымдары қатысады.

Фестиваль-байқауға қатысушылар өздерінің шығармашылық жетістіктері мен табыстарын көрсетіп, қазылар алқасының қарауына

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан
010000, г. Нур-Султан, ул. Мангилик Ел 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz

қазақстандық және шетелдік авторлардың шығармаларын, халықтық орындау стиліндегі пьесаларды ұсынады.

Фестиваль-байқау білім алушылардың эстетикалық, гуманистік және патриоттық сезімдерін тәрбиелеуге, түрлі музыкалық аспаптарда балалардың орындаушылығын насихаттауға, музыка ойнаудың ұжымдық нысандарын дамытуға және жетілдіруге ықпал етуге арналған.

Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар жіберіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласуға болады: + 7 (7172) 64 27 29; 64 27 32; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru